

DOI 10.52260/2304-7216.2023.1(50).28
ӘОЖ 336.647
ҒТАМР 06.73.21

Б.С. Кишибаева*, PhD докторанты
Г.Н. Джаксыбекова, э.ғ.д., профессор
Алматы Менеджмент Университеті,
Алматы қ., Қазақстан

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
e-mail: bkishibayeva@gmail.com

КӘСІПОРЫННЫҢ КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ТАЛДАУ

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорындардың өзінің қаржылық-шаруашылық қызметін қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету олардың өз мойындарында. Кәсіпорындардың меншікті және қарыз қаражаттар тарту нәтижесінде қалыптасқан капитал құрылымы оның қызметінің тиімділігін, бәсекелестік ортадағы өміршеңдігін, қызметінің түпкі мақсаты болып табылатын табыстылығын анықтап беретін бастапқы фактор болып табылады.

Капитал құрылымын оңтайландыру - кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын басқару жүйесінің ажырамас бөлігі. Экономикалық жағдайдың, салық заңнамасының, бәсекелестік күштерінің өзгерістеріне бейімделудің үздіксіз процесі.

Мақала авторлары көміртегі шикізатын өндіру және сату кәсіпорындарының капитал құрылымын және оның құнын анықтаудың теориялық және әдістемелік негіздеріне сүйене отырып, олардың капитал құрылымы мен құнын бағалау, талдау әдістемелерін игеру, қаржылық тұрақтылық коэффициенттері бойынша жылдық қаржылық есептілігінің мәліметтері негізінде талдау жүргізді. Мақалада кәсіпорындардың капитал құрылымы талданып, «Каспий нефть» АҚ, 2019-2021жж. қалыптасқан капитал құрылымы қарыз қаражатының елеулі артық көлеміне ие екендігі және олардың нарықтағы қаржылық тұрақтылығы қамтамасыз етілетіні анықталды. «КМК Мұнай» АҚ — кәсіпорны қаржылық тұрақсыз болып табылды. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсарту, оның қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу қажет екендігі ұсынылды.

Кілт сөздер: капитал құрылымы, оңтайландыру, тиімділік, меншікті капитал, қаржылық тұрақтылық, төлем қабілеттілігі, резерв, қарыз қаражаты, автономия коэффициенті, міндеттемелер.

Ключевые слова: структура капитала, оптимизация, эффективность, собственный капитал, финансовая независимость, платежеспособность, резерв, заемные средства, коэффициент автономии, обязательства.

Keywords: capital structure, optimization, efficiency, equity, financial independence, solvency, reserve, borrowed funds, autonomy coefficient, liabilities.

JEL classification: G32

Кіріспе. Кәсіпорынның капитал құрылымы – шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметін жүзеге асыру кезіндегі меншікті және тартылған қаражаттар қатынасы. Кәсіпорын капиталы оның нарықтық құнының басты өлшеуіші болып табылады [1].

Кәсіпорынның өмір сүру процесі әр түрлі деңгейдегі экономикалық мәселелерді жүйелі түрде шешуге, соның ішінде кәсіпорын капиталының құрылымын оңтайландыруға негізделген. Кәсіпорын капиталының құрылымы - бұл активтерді қаржыландыру мақсатында операциялық қызмет процесінде қолданылатын кәсіпорынның меншікті және қарызға алынған қаржылық ресурстарының барлық түрлерінің арақатынасы. Сонымен қатар, кәсіпорынның қарыз және меншікті ресурстарының арақатынасы оның қаржылық тұрақтылығының негізгі критерийлерінің бірі болып табылады. Капиталдың оңтайлы құрылымы - бұл кәсіпорынның меншікті және қарыз (тартылған) қаражатын пайдаланудың арақатынасы, онда қаржылық рентабельділік коэффициенті мен қаржылық тұрақтылық коэффициенті арасындағы ең тиімді пропорцияны қамтамасыз етеді [2].

Сондықтан сыртқы қаржыландыру көздерінің тәуекелдерін ескере отырып, мұнай өнде көміртегі шикізатын өндіру және сату кәсіпорындарының капитал құрылымын оңтайландыру мәселесі өзекті болып табылады, оны шешу ұйымның қаржыландыру көздерінің алуан түрлілігімен байланысты.

Ұйымның капитал құрылымын анықтайтын көптеген тәсілдер бар. Классикалық түрде бұл кәсіпорынның бағалы қағаздарының жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Бұл анықтама кәсіпорын өз қызметін тек бағалы қағаздарды шығару және оларды сыртқы инвесторлар сатып алу арқылы қаржыландырады деп болжайды. Отандық шындықты ескере отырып, дәлірек айтсақ «ұйымды қаржыландыру көздерінің олардың жалпы көлеміндегі қатынасы» болып табылады [3].

Кәсіпорынның меншікті және қарыз (тартылған) қаржыландыру көздерін басқару сапасы, капиталдың қалыптасуына, оның құрылымын оңтайландыруға тікелей байланысты. Бұл нарықтық белгісіздік жағдайында стратегиялық маңыздылыққа ие болады. Қазіргі экономикалық сөздікке сәйкес оңтайландыру жүйенің ең жақсы күйіне қол жеткізілетін экономикалық көрсеткіштердің мөлшерін белгілеу болып табылады [4].

Кәсіпорын капиталының оңтайлы құрылымы деп меншікті және қарыз (тартылған) қаражатының ара қатынасы түсініледі. Бұл кезде тиімділік пен қаржылық орнықтылық коэффициентінің тиімді комбинациясына қол жеткізіледі және ол кәсіпорынның нарықтық құнының өсуіне алып келеді [5].

Зерттеудің мақсаты көміртегі шикізатын өндіру және сату кәсіпорындарын мысалға ала отырып оның капитал құрылымын оңтайландыру әдістерін негіздеу және капитал құрылымын бағалау болып табылады. Өз капиталын ғана пайдаланатын кәсіпорындар немесе қарыз капиталының аз бөлігі қаржылық тұрақтылық пен төлем қабілеттілігіне қарағанда төмен қаржылық тәуекелге ие. Сонымен бірге, тек меншікті капиталды пайдаланудың теріс жағы бар: меншікті капиталға шектеулер кәсіпорынның даму мүмкіндіктерін төмендетеді; меншікті капитал әдетте қарыз көздерімен салыстырғанда жоғары құндылыққа ие; қарыз қаражатын пайдалану арқылы меншікті капиталдың кірістілігін арттыру мүмкіндігі пайдаланылмайды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу аясында жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістері: экономикалық статистикалық әдістер, қаржылық талдау, қаржылық тұрақтылық пен жүйелік талдау, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу объектісі көміртегі шикізатын өндіру және сату кәсіпорындары болып табылады.

Зерттеудің негізгі міндеттері: ұйымның меншікті капиталын талдаудың мәні мен қажеттілігін зерттеу.

Мақалада сыртқы қаржыландыру көздерінің тәуекел факторын ескере отырып, ұйым капиталының құрылымын талдау. Міндеттері: ұйымдар құрылымын оңтайландыру проблемасына теориялық және тәжірибелік тәсілдердің мазмұнын ашу; ұйымдар капиталының құрылымын оңтайландыру, ұйымды қаржыландырудың сыртқы көздерінің тәуекел деңгейін бағалау.

Әдебиеттік шолу. Кәсіпорынның қаржылық капитал құрылымын оңтайландыру әдістерін зерттеуге маңызды үлес қосқан отандық және шетелдік ғалымдар: М.Н. Крейнинан, К. Шим Джей, Ю.Ф. Бриггем, Ю.Б. Максимова, А. Бланк, А. Краус және Р. Литценбергер, М. Дженсон және У. Меклинг, М. Бейкер, Г.Н. Жақсыбекова, Л.Л. Игонина, С.В. Галицкая, Н. Н. Ярош, А. И. Борисова және т. б.

В.Г. Белолипецкий, Ю.Ф. Бриггем, М.Н. Крейнинан кәсіпорынның қаржылық капиталының оңтайлы құрылымын анықтаудағы берген анықтамасы - меншікті және тартылған (қарыз) капиталдың белгілі бір арақатынасы деп түсінеді [6].

И.А. Бланктың айтуы бойынша - меншікті және тартылған (қарыз) капиталының арақатынасы, онда қаржылық тұрақтылық коэффициенті мен рентабельділік коэффициенті арасындағы ең тиімді пропорция қамтамасыз етіледі. Осылайша, кәсіпорынның нарықтық құны барынша артады [7].

К. Шим Джей, Ю.Б. Максимоваардың айтуына кәсіпорын қаржылық құрылымын оңтайлы анықтауда берген пікірлері: кәсіпорын нарықтық құны барынша ұлғайтылатын кәсіпорынның мүлкін (активтерін) қалыптастырудың әртүрлі көздерінің осындай арақатынасын қамтамасыз ету [8].

Г.Н. Жақсыбекованың пікірінше – «капиталдың оңтайлы құрылымы деп төлем қабілеттілігіне, экономикалық тәуелсіздікке, инвестициялық тартымдылыққа кепілдік беретін меншікті және қарыз капиталының белгілі бір арақатынасы» [9].

Л.Л. Игонина - рұқсат етілген тәуекел мен талап етілетін кірістілік мөлшерлемесін ескере отырып, кәсіпорынның нарықтық құнын барынша арттыруға қол жеткізілетін меншікті және қарыз (тартылған) капиталының барлық нысандарының қатынасы деп есептеген [10].

С.В. Галицкая меншікті және қарыз капиталы баптарының мұндай арақатынасы, бұл ретте: 1) қысқа мерзімді перспективада пайданы жеткілікті жоғары деңгейде сақтау кезінде барлық қажетті шығындарды қаржыландыру қамтамасыз етіледі; 2) ұзақ мерзімді перспективада кәсіпорын құнын барынша арттыру арқылы басты стратегиялық мақсатқа – оның меншік иелерінің (акционерлердің) әл-ауқатын арттыруға қол жеткізіледі деген [11].

Н.Н. Ярош, А.И. Борисова берген анықтамасында бұл кәсіпорынның меншікті және тартылған (қарыз) қаражатын пайдаланудың арақатынасы, онда кәсіпорынның максималды нарықтық құны және сәйкесінше пайдаланылатын капиталдың минималды құны болады [12].

Ұсынылған анықтамаларға сүйене отырып, барлық кәсіпорындарға қатысты капиталдың оңтайлы құрылымы туралы нақты түсінік жоқ. Яғни, капитал құрылымын оңтайландырудың жалпы

қабылданған өлшемі жоқ. Негізінен қазіргі ғалымдар капитал құрылымын оңтайландырудың келесі мүмкін критерийлері бойынша зерттеулер жүргізуде [13, 137 бет]:

- 1) меншікті капиталдың рентабельділік деңгейін барынша арттыру;
- 2) қаржылық тәуекелдер деңгейін барынша азайту;
- 3) тартылатын капитал құнын барынша азайту;
- 4) тәуекелдер;
- 4) кәсіпорын құнын арттыру.

«Капиталдың ең төменгі орташа өлшенген құны» критерийі бойынша оңтайландыру жүргізілген жағдайда, қаржы ресурстарын тартудың әртүрлі комбинациялары кезінде капиталдың әрбір элементінің бағасын және капиталдың жалпы құнын алдын ала бағалау жүргізіледі.

«Кәсіпорын тәуекелдерін барынша азайту» критерийі бойынша оңтайландыруды жүргізу кезінде қажетті нәтижеге тартылатын капитал нысандарын әртарапандыру, қаржылық тәуекелдердің жекелеген нысандарынан бас тарту, тәуекелдерден сыртқы және ішкі сақтандырудың тиімді нысандарын іске асыру есебінен қол жеткізіледі.

Кәсіпорынның «рентабельділігін барынша арттыру» өлшемі бойынша оңтайландыруды жүргізу үшін қаржылық тетік пайдаланылады.

Активтерді қаржыландыру саясаты. Көрсетілген критерийді ескере отырып, кәсіпорын капиталының құрылымын қалыптастыру баланстың активтері мен пассивтері арасындағы қатынасты зерттеуге негізделеді және талап етілетін шаманы және қандай да бір қаржыландыру көздерінің қатысуын айқындауға мүмкіндік береді;

Кәсіпорынның құндылығы. Әлемде кәсіпорынның құны мен капитал құрылымы арасындағы байланысты қарастыратын көптеген теориялар бар. Бұл жағдайда оңтайлы құрылым – бұл кәсіпорынның нарықтық құнын барынша арттыратын құрылым.

Әрине, жоғарыда сипатталған оңтайландыру критерийлерінің әрқайсысы кәсіпорынның капитал құрылымын қалыптастыруда маңызды және белгілі бір дәрежеде мағыналы.

Барлық дерлік шетелдік және отандық, ресейлік экономистер кәсіпорынның капитал құрылымын таңдау мәселесін қарастыра отырып, кәсіпорынның капитал құрылымындағы қарыз капиталының жоғары үлесі қаржылық леведредж әсерінің болуымен түсіндіріледі. Қаржылық леведредждің әрекеті кәсіпорын қарыз қаражатын пайдаланған кезде, бұл қаражат төленгеніне қарамастан, меншікті капиталдың жоғары рентабельділігі бар екендігінде көрінеді.

Негізгі бөлім. Қазіргі экономикалық әдебиетте капиталдың мәнін түсінуге бірыңғай ғылыми тәсілдердің жоқтығы, ғалымдардың анықтамаларын, принциптерін, құрылымы мен оңтайлы капитал құрылымын қалыптастыру кезеңдерін түсіндіруде көптеген көзқарастар, жалпыланған тұжырымдамалық ережелерді тәжірибелік іске асыру тетіктерінің жеткіліксіз дамуын атап өткен жөн. Нәтижесінде, кәсіпорынның қаржылық құрылымын басқару туралы нақты түсінік жоқ. Бұл мәселелерді шешу зерттеу әдістерінің жиынтығын — абстракті-логикалық, салыстырмалы және т.б. қолдануға алып келді [14].

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының ұлттық көміртегі шикізатын өндіру және сату кәсіпорындары: «Каспий нефть» АҚ, «КМК Мұнай» АҚ, нарығындағы бәсекелестердің стратегиялық тобында капиталдың оңтайлы құрылымын құру бағытындағы жұмыс нәтижелері келтірілген.

Бастапқы ақпарат және орындалған есептеулердің статистикалық негізі кәсіпорындардың 2019-2021 жылдардағы таңдап алынған бухгалтерлік (қаржылық) есептілігінің материалдары болып табылады [15].

Кәсіпорын капиталын талдаудан бұрын, әдетте, капитал құрылымын оңтайландыру процесі жүреді. Оның негізгі міндеті капиталдың көлемі мен құрамы динамикасының тенденцияларын және олардың оны пайдалану тиімділігі мен кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына әсерін анықтау болып табылады. 1 кестеде 2020 және 2021 жылдардағы мұнай өңдеу саласындағы кәсіпорындар капиталының құрылымы көрсетілген.

Көміртегі шикізатын өндіру және сату саласындағы кәсіпорындардың капитал құрылымын талдау барысында: 2019-2021 жж. (1 кесте) келтірілген деректерді салыстыра отырып, олардың мәні 2019 жылмен салыстырғанда 2021 жылы аздап өзгерді деп айта аламыз.

Кәсіпорындардың капитал құрылымы 2019-2021 жж.*

Көрсеткіштер	Баланс бойынша мың.тг	Үлесі, %	Баланс бойынша мың.тг	Үлесі, %	Баланс бойынша мың.тг	Үлесі, %
	2019 ж		2020 ж		2021 ж	
«Каспий нефть» АҚ						
Меншікті капитал және резерв	31970973	23,95	60530998	42,83	109135447	64,7
Міндеттемелер	101513051	76,04	80781140	57,16	59543121	35,29
Барлық пайдаланылған капитал	133484024	100	141312138	100	168678568	100
«КМК Мұнай» АҚ						
Меншікті капитал және резерв	23112252	24,91	24404555	29,84	27109337	31,78
Міндеттемелер	69659417	75,08	57366695	70,15	58170417	68,21
Барлық пайдаланылған капитал	92771669	100	81771250	100	85279754	100

* Автормен [15] мәлімет негізінде құралған

2 кестедегі мәліметтерді салыстырып қарайтын болсақ: 2019-2021 жылы «Каспий нефть» АҚ 2019 ж. меншікті капитал және резерв мәндері 23,95-64,7 % артқан, міндеттемелері 76% - 35,29% төмендеген. «КМК Мұнай» АҚ; меншікті капитал және резерв мәндері 24,91-31,78 %, міндеттемелері 75,08% - 68,21% төмендеген.

Көміртегі шикізатын іздеу, барлау, шығару және сату кәсіпорындарының капитал құрылымы бойынша мәліметтерін салыстыратын болсақ, тартылған капитал көлемінің жылдан жылға көбейгенін көріп отырмыз.

Енді капитал құрылымымен анықталатын қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің жүйесін қарастырайық (кесте 2).

Кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылық коэффициенті*

Коэффициенттер/ кәсіпорындар	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Қаржылық тәуелсіздік коэффициенті (автономия), k_1 (0,5 кем емес)			
«Каспий нефть» АҚ	0,2	0,4	0,6
«КМК Мұнай» АҚ	0,2	0,2	0,3
Қарыз қаражатын ұзақ мерзімді тарту коэффициенті, k_2 (0,5 артық емес)			
«Каспий нефть» АҚ	0,3	0,4	0,1
«КМК Мұнай» АҚ	0,6	0,5	0,3
Қаржылық тұрақтылық коэффициенті, k_3 (0,75 кем емес)			
«Каспий нефть» АҚ	0,76	0,73	0,75
«КМК Мұнай» АҚ	0,75	0,28	0,46
Меншікті айналым қаражатымен қамтамасыз етілу коэффициенті, k_4 , 0-ден кем емес			
«Каспий нефть» АҚ	-0,2	0,6	0,7
«КМК Мұнай» АҚ	-0,4	-1,1	-2,07
Меншікті капиталдың маневрлік коэффициенті, k_5 (нолден төмен емес)			
«Каспий нефть» АҚ	-0,26	1,06	0,79
«КМК Мұнай» АҚ	-0,38	-0,61	-1,14
Қарыз және меншікті қаражат арақатынасының коэффициенті, (1,5 артық емес)			
«Каспий нефть» АҚ	3	1,3	0,5
«КМК Мұнай» АҚ	3	2,3	2,1

* Автормен [15] мәлімет негізінде құралған

2 кестедегі келтірілген мәліметтер бойынша мынандай қорытынды жасауға болады:

1) Қаржылық тәуелсіздік коэффициенті (автономия) 2019-2021 жж. 0,5 көрсеткішінен кем емес болу қажет. «Каспий нефть» АҚ-ның 2019 ж.-0,2, 2020 ж.-0,4, 2021 ж.- 0,6 мәніне ие, яғни бұл

кәсіпорынның қаржылық тәуелсіздік жағдайының қалыпты екенін көрсетеді. «КМК Мұнай» АҚ 2019-2020 жж.- 0,2, ал 2021 ж. - 0,3, кәсіпорынның барлық міндеттемелері өзінің меншікті қаражаттарымен жабылмауы мүмкін.

2) Қарыз қаражатын ұзақ мерзімді тарту коэффициенті: талдау жасалған кәсіпорындардың «Каспий нефть» АҚ 2019 ж. – 0,3, 2020 ж. - 0,4 және 2021 ж. - 0,1 мәніне ие болды. Ол 0,5 мәнінен артық емес, кәсіпорынның қаржылық жағдайының жақсы екені байқалады. «КМК Мұнай» АҚ 2019 жылы $0,6 > 0,5$ мәнінен жоғры, 2020 ж. – 0,5 және 2021 ж. -0,3 мәніне ие. Бұл көрсеткіштің ұлғаюы, не теріс мәнге ие болуы - кәсіпорынның қаржылық жағдайының нашарлауын сипаттайды. 2019-2020жж. «КМК Мұнай» АҚ –ның қаржылық жағдайы нашарлағаны байқалады. Коронавирустың әсерінен көптеген кәсіпорындарға зияны тиді.

3) Қаржылық тұрақтылық коэффициенті 0,75 кем болмауы. «Каспий нефть» АҚ тұрақты, 2019-2021 жж. қаржылық тұрақтылық коэффициенті – 0,75 мәнін құрап тұр. «КМК Мұнай» АҚ 2019 ж. -0,75, 2020 ж. -0,28, 2021 ж. -0,46 мәнге ие. Яғни, 2020-2021 жылдары пандемияның әсер еткені көріп отырмыз.

4) Меншікті айналым қаражатымен қамтамасыз етілу коэффициенті, k_4 , 0-ден кем емес болу қажет. Бұл көрсеткішке тек қана «Каспий Нефть» АҚ 2019 ж. – (0,2) теріс мәнге ие болды. 2020 ж. – 0,6 және 2021 ж. – 0,7 оң мәнге ие. Яғни, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы үшін меншікті айналым қаражаттарының бар болуымен анықталады. «КМК Мұнай» АҚ 2019 ж. – (0,4), 2020 ж. – (1,1), 2021 ж. – (2,07) теріс мәнге ие. «КМК Мұнай» АҚ қаржылық тұрақсыз.

5) Меншікті капиталдың маневрлік коэффициенті: «Каспий нефть» АҚ 2019 ж. – (0,26), 2020 ж. - 1,06 және 2021 ж. – 0,79 мәніне ие. Бұл, меншікті айналым құралдарын, меншікті қаражат есебінен ұстап тұруын көрсетеді. «КМК Мұнай» АҚ – (0,38), 2020 ж. – (0,61) және 2021 ж. – (1,14) теріс мәні, қаржылық тұрғыдан алғанда меншікті қаражат көздерінің ұтқырлығы төмен.

6) Қарыз және меншікті қаражат арақатынасының коэффициенті: кәсіпорындардың тәуекел дәрежесін, кірістілігі мен тұрақтылығын анықтайтын көрсеткіш. «Каспий нефть» АҚ талдау бойынша: 2019 ж. – 3, 2020 ж. - 1,3 және 2021 ж. – 0,5 көрсеткіштердің мәні белгіленген коэффициент мөлшерінен төмен мәнге ие. Тек 2019 жылы - оңтайлы мәнінен – 3 коэффициентіне ие болды, ол пандемияның әсерінен көрсеткіштің күрт өзгергені байқалды. «КМК Мұнай» АҚ мәні, нормативті коэффициент мөлшерінен жоғары. Ол сыртқы капитал көлемінің меншікті капиталдан едәуір асып кетуі бизнесті жоғалтудың айтарлықтай тәуекелдеріне әкеледі.

Осылайша, тек «Каспий нефть» АҚ «қаржылық тұрақты кәсіпорын санатына сәйкес келеді. «КМК Мұнай» АҚ — кәсіпорны қаржылық тұрақсыз болып табылды.

Қорытынды. Жоғарыда айтылғандардан бірнеше қорытынды жасауға болады:

Кәсіпорындағы капитал құрылымы, оның жұмыс істеу және қалыптасу механизмі оның сәтті дамуы мен тиімді қызметімен тығыз байланысты. Қалаған нәтижеге қол жеткізу үшін менеджерлер мен меншік иелері кәсіпорынның пайда болуы мен одан әрі қызметінің негізі - олар таңдаған инвестиция көздері, олардың құрамы мен капитал құрылымындағы қатынасы екенін есте ұстауы керек.

Мақалада көміртегі шикізатын өндіру және сату саласының жетекші компанияларының капитал құрылымына талдау жүргізілді. Мұнда: «Каспий нефть» АҚ, 2019-2021жж. қалыптасқан капитал құрылымы қарыз қаражатының елеулі артық көлеміне ие екендігі және олардың нарықтағы қаржылық тұрақтылығы қамтамасыз етілетіні анықталды. «КМК Мұнай» АҚ — кәсіпорны қаржылық тұрақсыз. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсарту, оның қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу қажет:

- сатудың өзіндік құнын төмендету;
- тиімді қаржылық операцияларды арттыру;
- сатылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасының өсуін арттыру;
- қорлар деңгейінің төмендеуі;
- дебиторлық берешек деңгейінің төмендеуі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Меркулова Е.Ю., Морозова Н.С. Основные методы обеспечивающие оптимизацию структуры капитала предприятия // Social-economic phenomena and processes. – 2016. – 11(9). – <https://doi.org/10.20310/1819-8813-2016-11-9-47-53>.
2. Брэйли Р., Майерс С. Принципы корпоративных финансов. – М: Олимп-Бизнес, 2004.

3. Сысоева Е.Ф. Сравнительный анализ подходов к проблеме оптимизации структуры капитала // Финансы и кредит, 2007. – № 25. – С. 55-59.
4. Садчикова Т.А. Совершенствование механизма управления капиталом акционерных обществ // Наук Ставрополь. – 2009. – 25 с.
5. Вячина И.Н., Хайруллина Ф.Х. Совершенствование управления финансовыми ресурсами предприятия на основе оптимизации структуры капитала // Ученые записки Российской Академии предпринимательства. – 2017. – № 45. – С. 29-34.
6. Белолипецкий В.Г. Финансы фирмы: курс лекций / М.: ИНФРА–М. – 1998. – 298 с.
7. Бланк И.А. Управление формированием капитала / И.А. Бланк. – Киев: Ника-Центр. – 2000. – 512 с.
8. Шим Д.К., Сигел Д.Г. Финансовый менеджмент / М.: Филинь. – 1996. – 400 с.
9. Jaxybekova G.N. «Problems and prospects for the application of foreign methods of monitoring the financial condition of companies in the Republic of Kazakhstan» // New Economic University, T. Ryskulov, Almaty. – 2015 – 392 p.
10. Игонина Л.Л. Инвестиции: учебник / М.: Магистр. – 2011. – 749 с.
11. Галицкая С.В. Финансовый менеджмент. Финансовый анализ. Финансы предприятий: учебное пособие / М.: Эксмо. – 2008. – 656 с.
12. Борисова А.И. Проблема выбора оптимальной структуры капитала предприятия // Экономика, бизнес, инновации: сборник международной научно-практической конференции «Наука и просвещение». – Пенза. – 2018. – С. 65-72.
13. Алферова И.Е. Критерии оптимизации структуры капитала в целях обеспечения устойчивого экономического развития // Экономика строительства и городского хозяйства. – 2018. – Т. 14. – № 2. – С. 133-143.
14. Керимов В.Э., Батуринов В.М. Финансовый леверидж как эффективный инструмент управления финансовой деятельностью предприятия // Менеджмент в России и за рубежом. – 2012. – № 2. – С.106-113.
15. Қазақстан қор биржасы. – 2022. – URL: <https://www.kase.kz/ru/issuers/>

REFERENCES

1. Merkulova E.Ī., Morozova N.S. Osnovnye metody, obespechivaiušie optimizatsiu struktury kapitala predpriatia [The main methods for optimizing the capital structure of the enterprise] / Social-economic phenomena and processes. – 11(9). – 2016. – <https://doi.org/10.20310/1819-8813-2016-11-9-47-53>[in Russian]
2. Breili R., Maiers S. Prinsipy korporativnyh finansov [Principles of corporate finance]. – М: Olimp-Bussnes [in Russian].
3. Sysoeva E.F. Sravnitelnyi analiz podhodov k probleme optimizatsii struktury kapitala [Comparative analysis of approaches to the problem of capital structure optimization] // Finansy i kredit. – 2007. – № 25. – S. 55-59 [in Russian].
4. Sadchikova T.A. Soverşenstvovanie mehanizma upravlenia kapitalom aksionernyh obşestv [Improving the capital management mechanism of joint-stock companies]. Nauk Stavropöl. – 2009. – 25 s. [in Russian].
5. Vächina Ī.N., Hairullina F.H. Soverşenstvovanie upravlenia finansovymi resursami predpriatia na osnove optimizatsii struktury kapitala [Improving the management of financial resources of the enterprise based on the optimization of the capital structure] // Uchenye zapiski Rosiskoi Akademii predprinimatelstva. – 2017. – № 45. – S. 29-34 [in Russian].
6. Belolipeski V. G. Finansy firmy: kurs leksi. [Company finances] / V. G. Belolipeski. – М.: ĪNFRA–М. – 1998. – 298 s. [in Russian].
7. Blank Ī.A. Upravlenie formirovaniem kapitala [Capital formation management]. – Kiev: Nika-Sentr. – 2000. – P. 512 [in Russian].
8. Şim D.K., Sigel D.G. Finansovyi menejment [Financial management] / М.: Filin. – 1996. – 400 s. [in Russian].
9. Jaxybekova G.N. Problemy i perspektivy primeneniya zarubejnyh metodov monitoriņa finansovogo sostoiania kompani v Respublike Kazahstan [Problems and prospects for the application of foreign methods

of monitoring the financial condition of companies in the Republic of Kazakhstan] // New Economic University. Т. Ryskulov, Almaty. – 2015. – 392 p.

10. Īgonina L.L. Īnvestisii [investment]. – М.: Magistr. – 2011. – 749 s. [in Russian].
11. Galiskaia S.V. Finansovyi menejment. Finansovyi analiz. Finansy predpriati [Financial management. Financial analysis. Enterprise finance] / М.: Eksmo. – 2008. – 656 s. [in Russian].
12. Borisova A.Ī. Problema vybora optimālnoi struktury kapitala predpriatia [The problem of choosing the optimal capital structure of the enterprise] // Ekonomika, biznes, innovasii: sbornik mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii «Nauka i prosvešenie». – Penza. – 2018. – S. 65-72 [in Russian].
13. Alferova Ī.E. Kriterii optimizatsii struktury kapitala v seläh obespechenia ustoichivogo ekonomicheskogo razvitiia [Criteria for optimizing the capital structure in order to ensure sustainable economic development] // Ekonomika Ctroitelstva i gorodskogo hozäistva. – 2018. – Т.14. – № 2. – S. 133-143 [in Russian].
14. Kerimov V.E., Baturin V.M. Finansovyi leverij kak effektivnyi instrument upravleniia finansovoi deiatelnöstü predpriatia [Financial leverage as an effective tool for managing the financial activities of an enterprise] // Menejment v Rosii i za rubejom. – 2012. – № 2. – S. 106-113 [in Russian].
15. Qazaqstan qor birjasy. – 2022. – URL: <https://www.kase.kz/ru/issuers/> [in Kazakh].

Кишибаева Б.С., Джаксыбекова Г.Н.

АНАЛИЗ СТРУКТУРЫ КАПИТАЛА И ФИНАНСОВОЙ УСТОЙЧИВОСТИ ПРЕДПРИЯТИЯ

Аннотация

В условиях рыночной экономики предприятия должны обеспечивать свою финансово-хозяйственную деятельность необходимыми финансовыми ресурсами. Структура капитала, формируемая в результате привлечения собственных и заемных средств предприятия исходным фактором является определяющим эффективность его деятельности, жизнеспособность в условиях конкуренции и конечной целью его деятельности и прибыльность.

Оптимизация структуры капитала является неотъемлемой частью системы управления финансовой устойчивостью предприятий. Это непрерывный процесс адаптации к изменениям экономической ситуации, налогового законодательства, конкурентных сил.

Авторы статьи, опираясь на теоретические и методические основы определения структуры капитала и его стоимости предприятий по производству и реализации углеродного сырья, провели анализ на основе данных их годовой финансовой отчетности по оценке структуры и стоимости капитала, освоению методик анализа, коэффициентам финансовой устойчивости. В статье проанализирована структура капитала предприятий, АО «Каспий нефть», 2019-2021гг. установлено, что сложившаяся структура капитала обладает значительным избыточным объемом заемных средств и обеспечивается их финансовая устойчивость на рынке. Предприятие – АО «КМК Мунай» оказалось финансово неустойчивым. Предложено разработать предложения по улучшению финансового состояния предприятия, обеспечению его финансовой безопасности.

Kishibayeva B., Jaxybekova G.

ANALYSIS OF CAPITAL STRUCTURE AND FINANCIAL STABILITY OF AN ENTERPRISE

Annotation

In a market economy, enterprises must provide their financial and economic activities with the necessary financial resources. The capital structure formed as a result of attracting the company's own and borrowed funds, the initial factor is determining the effectiveness of its activities, viability in a competitive environment and the ultimate goal of its activities and profitability.

Optimization of the capital structure is an integral part of the financial stability management system of enterprises. This is a continuous process of adaptation to changes in the economic situation, tax legislation, and competitive forces.

The authors of the article, relying on the theoretical and methodological foundations for determining the structure of capital and its value of enterprises producing and selling carbon raw materials, conducted an analysis based on the data of their annual financial statements on the assessment of the structure and cost of capital, the development of analysis techniques, financial stability coefficients. The article analyzes the capital structure of enterprises, JSC "Caspian Oil", 2019-2021. it is established that the existing capital structure has a significant excess volume of borrowed funds and ensures their financial stability in the market. The company – JSC "KMK Munai" turned out to be financially unstable. It is proposed to develop proposals to improve the financial condition of the enterprise, to ensure its financial security.